

ELEMENT

FOR THE

Біз білетін Бауыржан

Зейнетке шықсам да әлі күнге газет-журнал оқымасам өзімді бір нәрседен құр қалғандай сезінемін. Ескі көз болғандықтан ба, әйтеуір теледидарға телмүргеннен гөрі, жата жастанып, әртүрлі ойға батып, мерзімді баспасөз беттерін ақтарғанда, айналанда өтіп жатқан өмір-тіршіліктің тамыр соғысын сезінуің қызығырақ. Шынында да солай ғой. Оның сыртында аман-сау арамызда жүрген қаламдастарымының жазған-сызғандарын оқып көңілім өсіп, марқайып қаламын. Сондай-ақ, үзеңгілес, баяғыдан таныс-біліс інілеріміздің қалам сілтесін қадағалау да қызық.

Біздің ұрпақ үшін кезінде көсіле жазып, көңілінде жүрген ой-мақсатын ашылып айтудың өзі оңай емес-тін. Қазір, құдайға шүкір, азаттықтың ақ таңы атқалы журналист ағайынның жолы ашылды. Қандай көкейкесті мәселені көтеріп, қалай құлпыртып жазам десе де өз еріктерінде, қалам қарымдарында, білік-білімдерінде. Біз іссапармен Мәскеуге жолымыз түссе, Меккеге барғандай мәз болатынбыз. Қазір бәрі басқаша. Өріс ұзарып, жол қысқарды. Армандаған Америка, бір көруге құштар болған Англия, Франция, Испания, Италия, Германия, Жапония, Түркия сияқты ежелгі елдерге ай құрғатпай барып-қайтып жүрген бүгінгі журналистердің тіршілігіне қалайша қызықпасың?!

Қайнаған өмірдің қызу ортасында ат сабылтып жүріп, өмірден көргендері мен көңілге түйгендерін толғағы жеткенде жарқырата жазып, тамаша туындыларынан том-том кітап шығарған журналистер Шерхан Мұртаза, Сейдахмет Бердіқұлов, Оралхан Бөкей, Бексұлтан Нұржекеұлы, Кәдірбек Сегізбайұлы, Жақау Дәуренбек, Магира Қожахметова, Марат Қабанбай, Жанат Елшібек кейіннен көркемсөздің көсегесін көгертен қабырғалы жазушылар қатарын толықтырса, Рымғали Нұрғалиев, Ақселеу Сейдімбек, т.б. журналистер атақты ғалымдар атанды. Ал Кәкімжан Қазыбаев, Камал Смайылов, Мұхтар Құл-Мұхаммед, Сауытбек Абдрахманов, Дархан Мыңбай есімдері елге саңлақ саясаткерлер ретінде танылған азаматтар. Осындай журналистер қауымынан өсіп-жетілген дара дарынды тұлғалар қатары әлі де толығып-толысып, киелі көшті ілгері апаруда...

Журналистердің төл мерекесі тұсында өзіміз өмірлік мектебіміз болған «Лениншіл жаста» (бүгінгі «Жас Алаш») бізден кейін қызмет істеген, бүгінде қазақ баспасөзінің биік белесіне көтеріліп, шығармашылықтары ел аузында жүрген қалам қайраткерлерін ойыма алдым. Олар ел газеті «Егемен Қазақстанның» бас редакторы Жанболат Әлиханұлы (Аупбаев), «Айқын» газетінің бас редакторы Нұртөре Жүсіп, «Алматы ақшамының» бас редакторы Қали Сәрсенбай, «Қазақстан» телеарнасы басшысының бірі Қайнар Олжай және Президент баспасөз хатшысының орынбасары Бауыржан Омарұлы. Осынау журналистика саласының сайыпқандарының, өзін түлеп ұшқан алтын ұям – «Лениншіл жаста» алғашқы шығармашылық қадамдары сәтті сапарға ұласқан бұл жігіттердің аламы тағдырлары да, өнердегі өрістері де өзгеше. Бұлардың әрқайсысы бүгінгі журналистиканың бір-бір бірегей мектептері десе де артық асырып айтқандық емес. Шынайы шындық осындай. Журналистика сынды мәртебелі мамандықтың биік белесіне көтерілген осы бесеудің шығармашылық жолдары

сан қырлы, бір сырлы. Айталық, Жанболат тек қана тағдырлары таңғажайып тұлғалар туралы эсселер, Қайнар қазаққа қатысты қызғылықты деректер тауып, танымал тұлғалармен сырласып көркем очерктер мен сұхбаттар жазудың шынайы шеберлері болса, Нұртөре саяси-әлеуметтік мәселелерді мәнерлеп жазып, ұлттың рухани қазыналарына қатысты толғамдарымен бөліседі. Ал Қали қазақ өнерінің өрен жүйріктері жөніндегі әдеби эсселері арқылы

ғұмыр кешеді. Ал олардың өздері жайында жұмған аузымызды ашпаймыз. Міне, осы олқылықтың орнын толтыруды мақсат еткен Бауыржанның «11-ші қаламұш» деген кітабы барын біреу білсе, біреу білмес. Бұл қазақ көсемсөзін жаңа белеске көтерген қазақтың бір топ қарымды қаламгерлерінің әдеби портреттерін түзген тұтас туынды. Кітапта бас-аяғы жиырма журналистің шығармашылық жолы талдана таразыланған. Былайша қарағанда, белгілі журналистердің белгісіз қырларынан сыр шерткен шығарма ретінде қабылданары сөзсіз. Ал оның мазмұн-мақсатына тереңірек үңілсек басқаша пайымдар едік. Бауыржан әр кейіпкерлерін – әр журналисті қабілет-қарымына қарай даралап, әр қырынан алып жазған. Сөйтіп, ұтымды да жаңа жол тауып кеткен. Осы әдісі арқылы қазіргі қазақ журналистерінің шеберлік деңгейі мен қандай қоғамдық-әлеуметтік тақырыптарды қозғап жүргендерін жазбай танытудың жаңа үлгісін көрсетіп отыр.


Аталмыш кітаптың айқын мақсатын айғақтайтын оның мазмұнының бірлігі. Бауыржан бүгінде ел көзінде жүрген қанатты қаламгерлерді көктен түскендей көрсетпей, әуелі олардың өскен ортасын, алған білімдерін, тәрбиесі тәлімді университет ұстаздары туралы әңгіме тартаққан. Содан соң барып өзі танып-білген, баспасөзге еңбегі сіңген журналистердің шығармашылық шеберлігі шеңберінде тамаша, тартымды, көркем кестелі эсселерін жарыстыра жазған.

Таяуда жарық көрген «Қаратерен вальсі» деген кітабына Бауыржанның аяулы атамекені Арал аймағы және сол өлкенің өзгеге ұқсамайтын тосын тағдырлы адамдары туралы эсселер мен әлеуметтік эпсаналар жинақталған екен. Бұл суы қайтып, терең таяздап, өңі қашқан Арал өңірінің мұны ғана емес, қаламгердің туған жер, өскен еліне деген перзенттік махаббатын қара сөзбен егіле-төгіле жырлаған шырайлы шығармасы. Кітаптың көлемі шағын болғанымен, мазмұны бай, тәлімі тамаша. Бас алмай қызығып, құмартып оқысың. Жазылу мәнері сондай сүйкімді, суретті. Бауыржанның журналистер туралы эсселерінің беташары өлең жолдарымен басталатын еді, мына кітапта да сол тәсіл жалғасын тауыпты. Оның да сыры бар. Ол өлең жолдары әр эссенің мазмұнын ашудың кілті сынды.

Мен Бауыржанның көсемсөздегі еңбегіне екшей тоқталып өттім. Бұл оның талантының бір қыры ғана. Екінші қыры да бір адамға бұйырған бақыттың көрнектісі. Бауыржан Омарұлы ғылым докторы, профессор, таяуда ғана Ұлттық ғылым академиясының мүше-корреспонденті болып сайланған ғибратты ғалым. Бұл, әрине, жеке әңгіменің тақырыбы.

Қазақ баспасөзінің көрнекті қалам қайраткері Бауыржан ініміздің шығармашылық жолында шалқар шабыт тілеп, өнегелі өмірінің жақсылықпен жалғаса беруіне тілек қосамын.

Қуанышбай ҚҰРМАНҒАЛИ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.



атағы айрықша танылған талант. Бауыржан болса, бұрын-соңды түрен түспеген тың тақырып тауып, қазақ журналистикасының тарландары туралы үзбей жазып, соны сүрлеу салған қаламгер.

Мен білетін Бауыржан Омарұлы тіршіліктің тынысын тап басқан, табанды да талапшыл жауапкершілік жүгін жалтақтамай арқалаған қалам қайраткері. Қазақ баспасөзінде мың сан журналист бар. Солардың ішінен суырылып шығып, көсемсөзде өз қолтаңбасын қалыптастырған қалам иелері онша көп емес. Сол сирек дарынды бірегейлердің біреуі Бауыржан бауырымыз деп кесіп айтсам өсте қателеспегеніме сенімдімін. Қаламын журналистиканың ұстаханасында ұштаған, яғни «Лениншіл жаста» бастаған ініміз қай тақырыпқа қалам сілтесе де төгіліп, түрленіп жазып көзге түсті. Азаттықтың аумалы-төкпелі алмағайып жылдарында қоғам өмірінің өзекжарды мәселелерін көтеріп, жастарды тәуелсіздіктің еңсесін тіктеуіне аянбай атсалысуға, Қазақ елінің заман көшіне ілесіп, қатардан қалмай, қайрат-жігеріне жұмсауға, үлгі-өнеге көрсетуге, белсенділік танытуға жігерлендірген жүрек сөзін арнап, абырой-беделі асқақтаған көрнекті көсемсөзші осы Бауыржан болатын. Ол осынау алғаусыз еңбегінің арқасында ел алдында зор абырой-беделге бөленіп, лауазымды қызметтердің төріне шықты. Жүзден жүйрік шыққан журналистер қауымының арасынан абыройын асырып, есімін елге танытқан ерекшелік – дарынды қаламгердің арынды ой-парасатқа толы салиқалы сөзі, салмақты пікірі.

Бауыржанның ұлт руханиятына олжа салған тағы бір ерен еңбегі бар. Оған арнайы тоқтала кетпеу мүмкін емес. Журналистика сынды жауынгер жанрдың суығына тоңып, отына күйген қаламгерлердің араласпайтын мәселесі жоқ. Олардың кейіпкерлері мың сан мамандық иелері, өмірлері өнегелі, тұлғалары тұғырлы қарапайым да қадірлі адамдар. Журналист ағайын өмірбақи солар туралы толғаныстарын жазумен

